

«Бекітемін»
«Компания Армантай» бөбекжасы
бақшасының меңгерушісі
Л.Р. Усебова



«Балапан» тобы

*2022 – 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық
жоспары*

Тәрбиеші: Юнусметова Ш.Р.
Сағындыкова Б.М.

Шымкент 2022-2023 жж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Армантай» бөбекжай бақшасы
Топ: кіші топ «Балапан» тобы
Балалардың жасы: 2 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	- жалпы дамытушы жаттығуларды қолдану арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту: ұлттық ойындар, саусак ойындары, қимылды ойындар, жалпы шынықтыру процедуралары; - негізгі қимыл түрлерін дамыту; - саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін және құрдастарымен бірлескен әрекетке дайындықты қалыптастыру. - педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүтіруге ауысу, бағдар бойынша жүру

		(кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тактай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту; - бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін), шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Мәдени-гигиеналық дағдылар. - Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. - Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілпектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкапка немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуды үйрету. - Жөңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. - Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып
--	--	---

	шайнау, ауызды толтырып сөйлему. - Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру. - Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тапқартарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: 1) балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру; 2) сумен шынықтыруда ұсақ тастары бар ванна қолданылады. Су температурасы + 30°C градустан +18°C, +16°C -ка дейін әр үш күн сайын 2 градуcка төмендетіліп отырады. Дербес кимыл белсенділігі. Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір кимылдарды орындайды, кимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген кимылдарды өздігінен орындай алады. Спорттық жаттығулар: 1) шанамен сырғанау. Ересектердің баланы сырғанатуы; шанаға отырғызып, төбешіктен сырғанату, шананы жіппен сүйрету, баланың ойыншығын шанамен сырғанатуы; 2) велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу,

		ересектердің көмегімен және көмегісіз түсіру, ересектердің көмегімен және өз бетімен рөлді басқару; 3) мұз жолдармен сырғанау: ересектер балалардың қолынан жетелеп сырғанатуы.
Сөйлеуді дамыту		- дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру; - халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу; - пассивті және белсенді сөздік қорын байыту; - балалардың түрлі әрекеттердегі ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту. - айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді;
Көркем әдебиет		- ертегілердің, әңгімелердің, такпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға; - такпақтардың интонациясын қабылдауды;
Сенсорика		- заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; - көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;

Қоршаған ортамен таныстыру		- тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көгеністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру;
Құрастыру		- құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруды үйрету; - әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, шпастмасса құрылыс материалдары; - материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр);
Сурет салу		1) балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту;
Мүсіндеу		1) балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері

		туралы білімдерін қалыптастыру;
	Жапырыу	- фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру;
	Музыка	Музыка тындау: 1) музыка тындауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тындау ережесін сақтауды қалыптастыру; Ән айту: 1) ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; 2) пресаның екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін

--

--

өзгөчтү (каты-баш);

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы _ «Армантай» бөбекжай бақшасы _

Топ: кіші топ «Баалапан» тобы

Балалардың жасы: 2 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	- жалпы дамытушы жаттығуларды қолдану арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту: ұлттық ойындар, саусак ойындары, қимылды ойындар, жалпы шынықтыру процедуралары; - негізгі қимыл түрлерін дамыту; - саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін және құрдастарымен бірлескен әрекетке дайындықты қалыптастыру. - секіру. Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіріп, ленталмен еденде 10-20 см қашықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру; 10-15 см биіктен секіру; - еңбектеу, өрмелеу. Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен, жол бойымен, әртүрлі заттардың: доғаның, орындық, үстел, арқанның астымен нысанға дейін төрттаңдап (алаканымен, тізмен тіреп) еңбектеу. Ауданы 50 x 50 см, биіктігі 10 см мінбеге өрмелеу. - Мәдени-гигиеналық дағдылар. - Кийімдегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. - Кийіп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге,

	іліпектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Кімдерді шкафаға немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынууды үйрету. - Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. - Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлему. - Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру. - Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: 1) балаларды серуен кезінде улытракүлгін сеуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру; 2) сүмен шынықтыруда ұсақ тастары бар ванна қолданылады. Су температурасы + 30°С градустан +18°С, +16°С -ка дейін әр үш күн сайын 2 градусқа төмендетіліп отырады. Дәрбес кимыш белсенділігі. Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір кимылдарды орындайды, кимыш белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген кимылдарды өздігінен орындай алады. Спорттық жаттығулар: велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің

		көмегімен және көмегісіз түсіру, ересектердің көмегімен және өз бетімен рөлді басқару;
	Сөйлеуді дамыту	- дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру; - халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу; - пассивті және белсенді сөздік қорын байыту; - балалардың түрлі әрекеттердегі ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту. - дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) елжіктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды;
	Көркем әдебиет	- тақпақтардың интонациясын қабылдауды; - кейіпкерлердің пайда болуын, олардың өзара әрекеттерін қадағалауға;
	Сенсорика	- заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйеніп отырып, тапсырмаларды орындау; - көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;
	Қоршаған ортамен таныстыру	- тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көгеністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру;
	Құрастыру	- құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен

		кұрастыруға үйрету; - әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары; - материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр);
	Сурет салу	2) сурет салу техникасын жетілдіру;
	Мүсіндеу	2) сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;
	Жапсыру	- фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру;
	Музыка	Музыка тыңдау: 2) әннің мағынасын түсіну, қоныраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианонның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру; Ән айту: 2) әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 3) музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүлтіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру; 4) қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдау, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу;